



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Қарт журналистиканың тарихы 1934 жылы құрылған ҚазКЖИ – дан бастау алғаны баршамызға белгілі. Демек 85 жылдық тарихы бар, журналистика факультеті білім берудің ғылыми-әдістемелік дәстүрі мен бай тәжірибесін және Қазақстандағы журналистикалық ілімнің мектебін қалыптастырған іргелі білім ордасы болып табылады.

85 жылды еңсерген факультет осы уақыт аралығында абыройлы істерге мұрындық болды. Түледі, жасарып жаңғырды. Қазіргі уақытта факультеттегі мамандар дайындау үдерісінде Баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдары; ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа; Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы үздіксіз білім беріп отыр.

Бүгінгі жаңа медиа, сандық технологияны меңгерген журналистерді талап етуде. Осы тұрғыда біз уақыт талабына сай жаңа мамандар даярлаудамыз. Факультеттің аудиторияларына интерактивті түрде дәріс оқитын интернет жүйесі, компьютерлер, проекторлар, вебтүсірілімдер қойылды. АҚШ университеті мен Куала-Лумпурден оқытушыларды факультетке тартып, интерактивті жүйеде дәріс оқу мүмкіндігіне қол жеткізілді. Интернет арқылы студенттер әлемдегі кез – келген елдің БАҚ тәжірибесін оқытушыдан ғана үйреніп қоймай, өзіне қажетті ақпараттарды әлемдік басты медиақұрылымдардың вебтік беттерінен ала алады. Олар бұл мүмкіндіктерді пайдалана отырып шетелдік бағдарламалардағы, танымал журналистермен, комментаторлармен танысады. Сондай-ақ алыс жақын шетелдермен байланыс орнатылды. Бүгінде студенттеріміз фактчекинг (ақпараттың дұрыс бұрыстығын зерттеу) мүмкіндіктерін үйренуге машықтанып, мультимедиялық технологиялардың қыр-сырын меңгеруде.

Біз де жасампаз еліміздің журналистикасының дамуына әркез өз үлесімізді қосуға әзірміз!

Талапкерлерге сәттілік, мамандыққа адал болуларыңызды тілейміз!



**ФАКУЛЬТЕТ
ДЕКАНЫ
Филология
ғылымдарының
кандидаты, доцент
САҒАТБЕК
МЕДЕУБЕКҰЛЫ**



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Қуаныш Сұлтанов

Журналист, қоғам және мемлекет қайраткері,
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты



Сауытбек Абдрахманов

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор



Ұлықбек Есдәулет

Ақын, журналист, Қазақстан Республикасы
Жазушылар Одағының төрағасы



Мұхтар Құл-Мұхаммед

Қазақстан Республикасы мемлекет және саясат қайраткері,
заң ғылымдарының докторы, профессор



Шәмшидин Паттеев

«Қазақ газеттері» серіктестігінің Бас директоры



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Дархан Мыңбай

Қоғам және мемлекет қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты



Бейбіт Исабай

Журналист, Қазақстан Республикасының Әзербайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі



Арманжан Байтасов

Журналист, Қазақстан Медиа Альянсы басқарма төрағасы



Құрманғали Берік

Қазақстан Республикасы Президенті баспасөз қызметінің жетекшісі



Бибігүл Жексенбай

«Астана» телеарнасының директоры



ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ?...

«Журналистика» бакалавры

Мерзімді басылымдарда:

Журналист
Тілші
Баспасөз шолушысы
Веб-редактор
Фототілші
Баспасөз дизайнері
Баспасөз менеджері
Баспасөз маркетингологы

Тележурналистикада:

Тележурналист
Тележүргізуші
Телередактор
Телепродюсер
Телеоператор
Телесценарист
Видеоинженер
Ток-шоу жүргізушісі
Телерепортер
Телепромоутер
Телевизиядағы спорт
комментаторы

Радиожурналистикада:

Радиожурналист
Радиорепортер
Радиожүргізуші
Саунд-инженер
Радиоағы спорт комментаторы
Радиопродюсер
Музыкалық инженер
Диджей
Радиоаналитик

Фотожурналистикада:

Фотожурналист
Фоторепортер
Фотодизайнер
Фотовизажист
Фототілші

Интернет медиада:

Интернет журналист
Веб-редактор
Веб-дизайнер
SSM журналист
Электронды газет тілшісі
Media планер
Веб-шолушы
Медиаменеджер
Медиамаркетинголог
Конвергентті редакция менеджері
Интернет редакция менеджері
Веб-редакция менеджері

«Баспа ісі» және «Дизайн» бакалавры:

- Баспалар
- Полиграфиялар
- Кітап палатасы
- Жарнама агенттіктері
- Баспасөз қызметтері
- Кәсіпорындар, корпорациялар
- Басқару органдары
- Бизнес салалары

«Қоғаммен байланыс» бакалавры:

- Қазақстан баспасөз клубы
- Ұлттық баспасөз клубы
- министрліктердің қоғаммен байланыс департаменттері
- Әкімдіктер баспасөз қызметтері
- «Қазақ газеттері» ЖШС
- «Ренессанс» коммуникативтік агенттігі
- Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм»
- «Қазақстанның бірыңғай сауда жүйесі» ЖШС
- Мұнай компаниялары баспасөз қызметтері
- және қоғаммен байланыс бөлімдері



- Шетелдік елшілік баспасөз қызметтері
- Ғылыми-зерттеу институттары
- Жоғары оқу орындары
Орта Азиялық жарнама ассоциациясы

"Халықаралық журналистика" бакалавры:

Шетелдік ақпарат агенттіктері
Халықаралық бұқаралық ақпарат құралдары
Шетелдік елшіліктер

Баспасөз қызметтерінде:

Мемлекеттік органдар баспасөз қызметкері
Коммерциялық органдар баспасөз қызметкері
Орталық және өңірлік коммуникация қызметкерлері
Ақпарат агенттіктер тілшісі
Ақпарат агенттіктер шолушысы
Медиааналитик

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ РЕПОРТЕРЛЫҚ ІС БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТОБЫ

Бакалавриат

- 6B03201 – Журналистика
- 6B02104 – Кино&Медиа
- 6B03206 – Медиакоммуникациялар
- 6B03202 – Халықаралық журналистика
- 6B03203 – Қоғаммен байланыс
- 6B02101 – Баспа ісі
- 6B02102 – Дизайн
- 6B02103 – Медиадизайн

Қос диплом

- 6B03207 – Медиакоммуникациялар

PhD докторантура

- 8D03201 – Журналистика
- 8M03202 – Медиа коммуникациялар
- 8D03202 – Медиа және коммуникация
- 8D03203 – Халықаралық журналистика
- 8D03204 – Қоғаммен байланыс

Қос диплом

- 8D03205 – Журналистика және жаңа медиа

Магистратура

- 7M03217 – Интегративтік медиа білім беру
- 7M03201 – Data журналистика
- 7M03202 – Журналистика
- 7M03215 – Медиакоммуникациялар 7M03216 – Экологиялық журналистика 7M02105 – Креативті индустриялар 7M03203 – Халықаралық журналистика 7M03214 – Бизнес-коммуникация
- 7M03204 – Қоғаммен байланыс
- 7M02101 – Баспа ісі
- 7M02102 – Дизайн
- 7M02104 – Медиадизайн
- 7M02103 – Баспа менеджменті және типографика

Қос диплом

- 7M03210 – Ғылыми журналистика және коммуникация
- 7M03211 – Big-data және журналистика
- 7M03218 – Цифрлы медиакоммуникациялар
- 7M03219 – Журналистика
- 7M03212 – Цифрлық PR және коммуникация
- 7M03213 – Халықаралық медиа және коммуникация



СТУДЕНТТІК БИЗНЕС-ИНКУБАТОР

Факультет студенттері өздерінің тың идеяларын студенттік бизнес-инкубатор аясындағы жобаларын қорғап, өндіріске енгізу мақсатында жұмыс істеуде. Жаңа жобалар оқытушылар тарапынан да қолдау тауып, қысқы, жазғы мектеп, өнер және PR, құзіретті баспагер клубтары көпшілікке танымал болып, нарықтан орын алуда. Белгілі тележүргізуші, дикторлармен қоғам қайраткерлері арнайы дәріс оқып, үздіксіз өздерінің тәжірибелерін бөлісуі студенттердің қызығушылығын арттыруда.

Факультеттегі студенттік орталықтар, үйірмелер, клубтар

«Телезерттеуші» үйірмесі	«Исследователь»
«Жас зерттеушілер» үйірмесі	«Театральный Эйдос»
Студенттік баспасөз орталығы	«Құзыретті баспагер»
«Сана»	«Гутенберг» үйірмесі
«KM LAB»	«Баспагер»
«Мобильдік журналистика»	«Тау тұлға»
«Телемұнара»	«Жас дизайнер»
«Радиомұнара»	«Селтеткізер»
«Медиаклуб»	«Bitik.kz»
«Фотоөнер»	«SmartBUS»
«PR-шы» клубы	

Студенттік старт-ап жобалар

Nabarbek.kz ақпараттық порталы

«QIT Enterprise» ЖШС қолдауымен орындалды.

«Антропоманиялық журналистика»

Авторы – 3 курс студенті Дастан Қастай

«Qazaq tili» аудиосөздік мобильдік қосымшасы

Авторлары – Нұрланова Ақбаян, Калырбаев Жансерік


4-курс студенттері





СТУДЕНТТІК ПІКІРЛЕР

Алаш алыптарының ізін жалғаған журналистика факультетінің ұжымы жыл сайын ұшқыр ойлы студенттердің талабын арттырып, нағыз майталмандарды даярлап шығарады. Қазақ журналистикасының даңғыл жолы дәл осы, ҚазҰУ-дың журналистика факультетінен бастау алады. Әр тасы тарихқа тұнған факультет Баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдары; ЮНЕСКО. халықаралық журналистика және қоғамдық медиа; Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы салалары бойынша студенттерге теориялық және практикалық білім береді. Факультет қабырғасында арнайы телерадиокешен, студенттік медиа-клубтар мен лингофон кабинеттері біздің игілігіміз үшін жұмыс істейді. Көшбасшылық қасиеттерді қалыптастырып, ашық ойлауға жетелейтін конференциялар мен дөңгелек үстелдер өте жиі өткізіледі. Сондай-ақ республикалық, халықаралық көлемдегі конкурстар мен бас қосуларға еркін араласа аламыз. Аса білікті, тәжірибелі дәріскерлер ұжымы жинақтаған білімді үлкен жетістіктерге ұластыруға қашанда мұрындық болады. Индустриялды-инновациялық қырынан барынша дамыған озық ойлы мемлекеттердің қатарына кіру үшін, білімге баса назар аудару тиіс. Журналистика факультеті осы мақсаттан бір сәтке айныған емес. Бүгін де, факультет болашақ мамандарды даярлау ісінің көшбасшысы атанып отыр.



*Назым Самет,
3-курс студенті*

Мен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне арман қуып, Ауған елінен келдім. Осы мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін. Қазақстан маған өте ұнады, салт-дәстүрі, мәдениеті бәрі-бәрі. Қазір қазақ, орыс тілдерін үйренудемін. Білім мен ғылымда шекара болмайтынын енді түсіндім. Жаңа достар таптым, білім ордасына алғысым шексіз!



*Файсал Гульзаг,
3-курс студенті*



СТУДЕНТТІК ӨМІР



Халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебі



Медиа сауаттылық керуені.
Түркістан облысы, Ақмешіт



«Журфактың жүйріктері»
Ж. Әбдіжәділқызының кәсіби
шығармашылық байқауы



«Алаш алыптарының кітап басу ісіне
қосқан үлесі», ашық сабағынан көрініс



Студенттер фотожурналистика дәрісінде



Студенттік баспасөз орталығы



ШЕТЕЛДІК ІС-САПАРЛАР



Халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебінде шетелдік студенттермен



The Associated Press ақпараттық агенттігінің тілшісі Jessej Holland факультетте қонақта



Америка үні репортері Sadat Mar Jan



ЮНАИИ Хаб кезекті мәжілісінде



Факультет студенттері CNN Түркия қызметінде тәлімгерлікте



Орталық Азия Университетінің профессоры Евангелия Папуатсаки дәрісі



Оқу-шығармашылық зертхана туралы

2018 ж. 7 ақпанда «Қазақстан» РТРК және әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ арасындағы Ынтымақтастық туралы меморандум аясында «QAZAQSTAN» оқу-шығармашылық зертханасының ашылу салтанатын университетіміздің ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов қатысып, тұсауын кесті.

«QAZAQSTAN» оқу-шығармашылық зертханасы журналистика медиа және коммуникация саласында шеберлік-сыныптарын өткізумен қатар іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу болып табылады.



«QAZAQSTAN» оқу зертханасының ашылу салтанаты



Университет ректоры академик, Ғалымқайыр Мұтановтың БАҚ журналистеріне сұқбат беру сәті



Ардагерлер алаңынан сыр сұқбат



Алыптар апталығы



photo Mara becy

Біздің мақтанштарымыз
Нартай Аралбайұлы, Нұрлан Наурызалин,
Мейіржан Әубеқұлы



«QAZAQSTAN» телеарнасының майталмандарымен кездесу



«Kmlab» Коника Минолта озық технологиялар зертханасы

2014 жылдан бері «KONICA MINOLTA» Kmlab озат технологиясының оқу - зерттеу зертханасы базасының негізінде MPLUS & COMPASS білім беру бағдарламасы жүзеге асуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов және «Коника Минолта» компаниясы Бас менеджері Акира Фуджита кездесуінде екі жақты ынтымақтастық келісім-шартына қол жеткізген болатын. Жыл сайын 19 мамыр әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «KONICA MINOLTA» Kmlab озат технологиясының оқу зертханасы базасының негізінде MPLUS & COMPASS білім беру бағдарламасы түлектерінің салтанаты өтеді.

«Медиасфера» Гуманитарлық зерттеулер ғылыми Орталығы туралы Журналистика және коммуникация халықаралық мектептері

Жыл сайын шілде айында ЮНЕСКО медиа және ақпараттық сауаттылық жаһандық апталығы аясында өтетін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ыстықкөлдегі (Қырғызстан) Жазғы журналистика және коммуникация мектептері Орталық Азия елдері журналистика факультеттері студенттері мен практик журналистері арасындағы медиалық диалог алаңы.

Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық паркі «Тау-Тұран» білім беру кешенінде ЮНЕСКО Бүкіләлемдік радио күніне арналған студенттердің қысқы демалыс күндері өтетін Халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектептері жас журналистер мен медиа мамандардың біліктілік арттыру платформасы.

«Қазақ елі» студенттік ғылыми экспедициясы

ҚР Білім және ғылым министрлігі «Елдің интеллектуалды әлеуеті» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Ақпараттық Бюросының қолдауымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің «Қазақ елі» студенттік ғылыми экспедициясы аймақтарда зерттеулер жүргізді.





ШЕТЕЛДІК АКАДЕМИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ



МОСКОВСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
имени М.В.ЛОМОНОСОВА



Санкт-Петербургский
государственный
университет
www.spbu.ru



Waseda University



Уральский
федеральный
университет
имени первого Президента
России Б.Н.Ельцина



PRINCETON
UNIVERSITY

